



Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ

«Ы.ЖАҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КҮРІШ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ» ЖШС

«Суармалы жерлерде топырақтың су-тұз
режимдерін басқару технологиясы»

*Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш
шаруашылығы ҒЗИ
Басқарма төрағасы*

С.Т.Тәуіпбаев

*Лектор - Агротехнология, мелиорация
және топырақтану бөлімінің
бас ғылыми қызметкері,
т.ғ.д., ҚР ҰАҒА академигі*



С.Ы.Өмірзақов

Қызылорда қаласы

Бұл тақырып бүгінгі күні аса өзекті мәселелердің біріне арналған. Соңғы жылдары су тапшылығы қатты сезіліп келеді, ал биылғы жағдай тіпті күрделіленіп, Түркістан мен Қызылорда облыстарының диқандарына зор қиындықтар әкелді. Ендігі жерде біз «мұның себептері неде және жағдайдан қалай шығуға болады?» деген сұрақтарға талдау жасауымыз қажет.

Климаттың өзгеруі тек біздің өңірде ғана емес, бүкіл әлемде байқалуда. Дегенмен, біздің аймақтағы судың азаюы ерекше қауіпті, себебі оның салдары ауыл шаруашылығына, табиғи тепе-теңдікке және халықтың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді. Бұған бірнеше жыл бұрынғы қуаншылық мысал бола алады: сол кезде төтенше жағдай жарияланып, Арал өңіріндегі мал шаруашылығын сақтап қалу үшін шөп пен жоңышқа жеткізіліп, ауыл халқы амалдап малын аман алып қалды. Бұл жағдай экологияға да қатты ықпал етті – топырақтағы ылғал азайып, шөп жамылғысы жойылды, экологиялық баланс бұзылып, табиғи ортаға елеулі зиян келді.

Осыдан шығатын қорытынды: ғылыми мекемелердің, мемлекеттік құрылымдардың және қарапайым егіншілердің бірлескен әрекеті ғана осындай қиындықтарды аз шығынмен еңсеруге мүмкіндік береді. Оның ең тиімді жолдарының бірі – суармалы егіншілікте суды үнемдеу технологияларын енгізу.

Қоғамда көбіне жаңбырлатып немесе тамшылатып суару әдістері су үнемдеудің бірден-бір жолы деген түсінік бар. Алайда бұл пікір дұрыс емес. Күріш ауыспалы егісінде бұл тәсілдерді кең ауқымда қолдану мүмкін емес. Олар тек шағын зерттеу алаңдарында, ерекше сорттардың тұқымын шығару немесе селекциялық жұмыстарда ғана пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ көшеттеп отырғызу әдісін де суды үнемдейді деп айтуға болады, бірақ өндірістік жағдайда ол өз тиімділігін толық бере алмайды.

Күріш егісінде атыздағы топырақтың балшықты-шалшықты жағдайы сақталуы тиіс. Ол үшін ерте көктемде келген суды атыздарға толтырып, топырақты әбден қанықтыру қажет. Бірақ бұл әдіс қазіргі жағдайда судың көп ысырап болуына әкеліп отыр. Сондықтан ғасырдан бері қолданылып келе жатқан дәстүрлі әдістен бас тартпай, оны жетілдіру жолдарын іздеген жөн.

Мысалы, атыз бетінің тегістігін $+ / - 2$ см деңгейіне жеткізу – суды үнемдеудің ең тиімді тәсілдерінің бірі. Біздің тәжірибелер көрсеткендей, осындай жағдайда 30 пайызға дейін су үнемдеуге болады. Бұл – көптеген заманауи технологиялардың өзінде қол жеткізе бермейтін көрсеткіш. Тегіс атыз суару режимін тиімді жүргізуге мүмкіндік береді: егер бұрын атыз екі-үш күнде толатын болса, енді 16–18 сағат ішінде 2,5 гектар жер толық суға толып, біркелкі жабылады.

Мұның бірнеше артықшылығы бар:

- егілген дән құс пен зиянкестерден аман сақталады;
- тегіс бет арамшөптердің шығуына кедергі жасайды;
- биоклиматтық жағдайды пайдаланып, күн энергиясының әсерінен су үнемдеуге бағытталған қондырғылар тұрақты жұмыс істей алады.

Демек, суды тиімді пайдалану тек қана жаңа технологияларға емес, дәстүрлі әдістерді жетілдіруге де байланысты. Бұл бағытта ғалымдар мен диқандардың ынтымақтаса жұмыс істеуі – ауыл шаруашылығының болашағын сақтап қалудың ең сенімді жолы.